

Юриспруденцияда қылмыстық зардап «нәтиже» терминімен ұқсатылады. Қылмысқа қолдануда «нәтиже» терминінің адамның әрекетінен пайда болған, осы әрекетпен объектідегі өзгеріс – қоғамға қауіпті зардап

[7. 86 б].

Есірткі заттар немесе психотропты заттарды таратуда қылмыстық зардап жиынтығында біздің қоғамымызға зиянды белгілі нәтиже әкеледі.

Қылмыстық құқық теориясында зардап материалды және формалды құрам болып бөлінеді. Профессор Ковалев М.И., жазуы бойынша «Барлық қылмыстарды олардың зардаптары бойынша екі үлкен топқа бөлуге болады: қоғамға қауіптілігі қылмыскердің іс-әрекетімен білінетін және өздігінен қауіпті. Біріншісін заңнама сипаттай тұрып материалды құрам құрады, екіншіден қылмысты сипаттаумен шектеледі – формалды құрам.

Қылмыстық зардаптар бойынша материалды және формалды құрам деп жүйелеу қылмыстың қоғамға қауіптілік деңгейін немесе мүмкін зардабын білуге нақты реттеуге мүмкіндік береді.

Формалды қылмыс құрамын заңнама құрғанда сол немесе басқа да іс-әрекеттердің әлеуметтік қауіптілігін ескерген.

Есірткі заттар немесе психотропты заттарды заңсыз тарату фактісі азаматтардың денсаулығына жоғары қауіпті болады, заңмен қорғалатын қоғамдық қауіпсіздік мүддесіне қол сұғады. Есірткі заттар немесе психотропты заттарды тарату фактісінің қоғамға қауіптілік деңгейі ірі мөлшерде, аса ірі мөлшерде, сондай-ақ әлеуметтік қауіптілігін ескере отырып қылмыстық жауаптылық оның зардабының белгілері бойынша қылмыс құрамының құрылысын формальды құрылуы заң шығарушымен ескерілген. Яғни есірткі заттарды немесе психотропты заттарды кез келген формада тарату, ірі мөлшерде, аса ірі мөлшерде қылмыстық жазалылық әрекетке жатқызылуы керек.

Сонымен, есірткі заттарды немесе психотропты заттарды тарату құрамы зардап белгілері бойынша формалды қылмыс құрамына жатады. Есірткі заттарды немесе психотропты заттарды ірі мөлшерде немесе аса ірі мөлшерде немесе кез келген мөлшерде, кез келген кеңістікте жылжу формасын, есірткі заттар немесе психотропты заттарды тарату қылмысының объективтік жағын сипаттауда және Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 259 бабына сәйкес бөліктерімен дәрежеленуі керек.

1. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы конституциясы (2007 жылғы 21 мамырдағы өзгертулермен).
2. Кудрявцев В.Н. Объективная сторона преступления. – М., 1960. – 244 с.
3. Куринов Б.А. Научные основы квалификации преступлений. – М., Изд – МГУ, 1976. – 178 с.
4. Уголовное право. Общая часть. Учебник под ред. Б.В. Здравомыслова. – М., 1994. – 530 с.
5. Курманов К. Ш. Наркомания: Уголовно-правовые и криминологические проблемы. -Фрунзе, 1984. -232 с.
6. Уголовный кодекс Республики Казахстан с постановочными материалами. Алматы, 2005. -944 с.
7. Уголовное право. Общая часть. М., 1997. -153 с.

This article discusses the importance of the objective side of the illicit distribution of narcotic and psychotropic substances in the qualifications of the staff.

В этой статье рассматриваются значение объективной стороны незаконного распространения наркотических веществ и психотропных средств в квалификации данного состава.

Ә.А. Сабырқұлов

ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОНТРАБАНДАНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Қазақстанның өз алдына жеке мемлекет болып тәуелсіздік алуы оның көптеген мемлекеттермен экономикалық байланыс орнатуына мүмкіндік берді.

Соның нәтижесінде Қазақстан Республикасында көптеген шетел мемлекеттерімен бірлескен кәсіпорындар пайда болып, шетел мемлекеттерінің ірі компанияларының өкілдіктері ашылды, табиғи ресурстар мен ішкі заттарды өңдеудің жобалары жасалды.

Мемлекеттің экономикасының дамуында маңызды салалардың бірі- сыртқы экономика. Сыртқы экономиканы дамыту әртүрлі мемлекеттік және жеке кәсіпорындар мен ұйымдардың сыртқы рынокқа еркін шығуына, көптеген халықаралық бірлестіктердің, қорлардың және бірлескен кәсіпорындардың құрылуына мүмкіндік береді.

Сыртқы экономикалық қатынастарға көшу көптеген жағымсыз құбылыстардың бетін ашты, кеден, қылмыстық және әкімшілік заңдары бұзылды, ол мемлекетке экономикалық зиян, саяси нұқсан келтірді.

Бұл қылмыстар қылмыстық-құқықтық саралауда пайдакүнемдік іс-әрекеттерге жатады. Бірақ ұрлық, тонау, қарақшылық сияқты қылмыстармен салыстырғанда бұл қылмыстарды, тәжірибеде мүлікке заңды негізде қолын жеткізе алатын адамдар жасайды. Олар тауарларды, материалдық басқадай құндылықтарға билік етуге заңды құқығы бар материалдық жауапты, лауазымды адамдар немесе жеке тұлғалар жасайды. [1, 225 б].

Экономикалық қылмыстылыққа әртүрлі анықтама берілуде. Мысалы, Э. Садерленд былай анықтама береді: «Экономикалық қылмыстылық дегеніміз – әлеуметтік мәртебесі жоғары құрметті адамдардың өз кәсіби міндеттері негізінде және өздеріне көрсетілген сенімді бұзып жасайтын құқық бұзушылық» [2, 51 б].

Ал Швед криминологы Б. Свенсон экономикалық қылмыстылыққа мынадай анықтама берген: «Осы іс-әрекеттің өзінің негізгі құрайтын шаруашылық қызметтің шегінде жүзеге асырылатын созылмалы, жүйелі, жазаланатын, пайдакүнемдік сипаттағы іс-әрекет» [3, 10 б].

Экономикалық өзгеріске байланысты экономикалық қылмыскерлік те біршама өзгеріске ұшырады және экономикалық қылмыстардың мынадай жаңа түрлері пайда болды:

- 1) ақпараттандыру ережелерін бұзу;
- 2) Қазақстан Республикасының мүдделеріне қайшы мәмілелер жасау;
- 3) валютаның немесе асыл тастар мен металдардың заңсыз айналымымен байланысты әртүрлі қылмыстар;
- 4) Қазақстан Республикасының кеден, монополияға қарсы және салық заңдарын бұзу;
- 5) жалған банкроттық, жалған кәсіпкерлік, банкроттықты жасыру және басқалар.

Сонымен, экономикалық қылмыстылық дегеніміз – қоғам институттарына теріс ықпал ететін, мемлекеттік материалдық негізі – экономиканың қалыпты жұмысын бұзатын әлеуметтік теріс құбылыс [4, 45 б].

Экономикалық контрабанда экономикалық қылмыстардың ең қауіптілерінің бірі. Ол Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 10-бабының 3-бөлігіне сәйкес ауырлығы орташа қылмысқа жатқызылады, ал оның дәрежеленген ауыр түрі (209-баптың 3-бөлігі) ауыр қылмысқа жатады.

1997 жылғы Қылмыстық кодекс қабылданғанға дейін контрабанда әртүрлі қылмыстардың қатарына жатқызылып келді. Мысалы, С.В. Дьяков контрабанданы мемлекеттік қылмыстар тобына кіргізді, онда елдің экономикалық қауіпсіздігін бұзу мүмкіндігі бар деп санады [5, 34 б].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі экономикалық контрабанданы «экономикалық қызмет саласындағы» қылмыстардың біріне жатқызады. Сонымен заң шығарушы экономикалық контрабанданы қылмыстардың қандай тобына жатқызу керек екендігі туралы сұрақта толық шешті.

Экономикалық контрабанданың экономикаға қарсы сипатынан кең көлемді, көп таралған және әлеуметтік тамырын терең жайған «көлеңкелі» экономика айқын көрініс табады [6, 78 б].

Осы проблема бойынша отандық және ресейлік ірі мамандар экономиканың «көлеңкелі» жағы өз шегіне жетті деп отыр. [7, 304][8, 90б]. Егер жалпы ішкі өнімдегі заңсыз сектордың үлесі батыс елдерінде – 5-10% құраса, ол Қазақстанда – 18%, Ресейде – 23% құрайды екен. Бұл көрсеткіш «көлеңкелі» экономика кең тараған Латын Америкасы елдерінің көрсеткішімен шамалас. Мысалы, Ресейде сыртқы сауданың, яғни тауарлардың импорты мен экспортының «көлеңкелі» экономикадағы үлесі 2002 жылы 53%,-ға жеткен.

Бұл сауда саласында тіркелмейтін қызметтің басым екендігін көрсетеді. Мұндағы бас кәсіпкерлер – «челноктар». Олардың импортының көлемі 2001 жылы 10 млрд АҚШ долларына жеткен. Ресейдің Статистика жөніндегі мемлекеттік комитетінің ресми мәліметі бойынша, ол киімнің ішкі тауар айналымында – 76%-ға, трикотаж бұйымдарында – 68%-ға, аяқ киімде – 61%-ға жеткен. Заңсыз табыс 2002 жылы 170 трлн рубльге бағаланған, ол көлеңкелі айналымның Статистикада есепке алынғанының жартысы ғана [9, 3 б].

Көлеңкелі экономиканың контрабанданың етек алуымен тікелей байланысты, бұл капиталды шетелдерге қарай ағызудың күшті арнасына айналып отыр.

Кедендік бақылау комитетінің мәліметтеріне жүгінсек, бұл арнамен келетін тауар импортының ресми көлемі барлық импорттардың 35-40% құрап отырғандығын көреміз. «Челноктар» елден декларация жасламаған шетел валюталарын, антиквариат, мәдени құндылыққа жататын өнер шығармаларын алып шығады. Жылына 1-2 млн «челнок» Қазақстанның кедендік шекарасын екі бағытта кесіп өтеді екен. Олардың жұмыс істеу сызбасы жақсы қалыптасқан: валютаны шетелге алып барады, онда сатып алған тауарды Қазақстанда сатады, түскен ақшаны валютаға айналдырып, ол валютаны шетелге алып шығады, ары қарай сызба қайталанады.

Экономикалық контрабанда, негізінен, жасырын жасалынатындықтан қандай тауардың қанша көлемде шекара арқылы заңсыз өткендігін анықтау мүмкін емес. Бірақ кейбір статистикалық мәліметтер ұғым беруге мүмкіндік береді.

Сатистика агенттігі автомобильдер экспорты, импорты туралы ресми мәліметтерді Жол полиция басқармасындағы мәліметтермен салыстырған, нәтижесінде жылына 5-6 мың автомашинаның мемлекеттік бақылауды жанап өтіп (көбіне ресей арқылы), Қазақстанға келетіндігі анықталған.

Тауардың елге контрабандалық жолмен өтуі мемлекетке материалдық зиян келтіреді және мұндай экономикалық қылмыс жасаған адамдар жазасыз қалады. Бұл жағдай елдің сыртқы экономикалық секторының криминалдануына алып келеді [10,49 б].

Егер Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Тергеу бөлімшелері Қылмыстық кодекстің 64-бабы бойынша 1988 жылы бір қылмыстық іс қозғаған болса, бұл көрсеткіш 1989 жылы – 12, 1991 жылы – 21, 1993 жылы – 40 болған. 1995 жылы соттарға осындай қылмыстар туралы 117 іс түссе, 1996 жылы 142 қылмыстық іс түскен [11,15 б].

1997 жылдың 10 айында республикада тауарлар мен құндылықтардың заңсыз айналымына қатысты 313 қылмыс тіркелген. Бас Прокуратураның мәліметтеріне қарағанда, қылмыстың бұл түрі Алматы қаласында (40 факты), Жамбыл облысында (37 факты), ШҚО – да (32 факты) және Алматы темір жолы қызмет көрсететін теміржол зонасында кең таралған көрінеді. Бұлардың 105 жағдайында – кеден органдары, 64 жағдайында – Мемлекеттік тергеу комитеті, 36 жағдайында – Ұлттық қауіпсіздік комитеті, 4 жағдайында – прокуратура, қалғандарында – салық полициясы органдары (қазіргі қаржы полициясы) қылмыстық іс қозғаған.

Экономикалық бағыттағы қылмыстардың Қазақстандағы барлық қылмыстар құрамындағы үлесі мынадай:

1997 жыл – 8,4% (13897 қылмыс); 1998 жыл – 7,08% (10057 қылмыс); 1999 жыл – 8,97% (12502 қылмыс); 2000 жыл – 10,35% (15609 қылмыс); 2001 жыл – 9,69% (17741 қылмыс); 2002 жыл – 11,17% (15099 қылмыс); 2003 жыл – 10,71% (12682 қылмыс); 2004 жыл – 6,99% (10032 қылмыс); 2005 жыл – 7,23% (11102 қылмыс); 2007 жыл – 6,85% (10003 қылмыс); 2008 жыл – 9,00% (13012 қылмыс). /12,21 б/.

Бұл келтірілген мәліметтер сыртқы экономикалық қызмет саласындағы шынайы жағдайды, жеке тұлғалардың кедендік шекара арқылы алып өтетін тауарлардың көлемін нақты көрсете алмайды, дегенмен құқық қорғау органдарының контрабандамен күресті біршама жандандырғанын байқауға болады. Ал контрабанданың заңды тұлғаларды да, жеке тұлғаларды да заңсыз экономикалық іс-әрекетке итермелейтіндігін ұмытпау керек.

Бұған қатысты А.С. Никифоров былай дейді: «қылмыстық қызмет, оның ішінде контрабанда біздің экономиканың құрамдас бір бөлігіне айналды, оған криминалдық сипат беріп отыр» /13,90 б/.

Экономикалық қылмыстылық динамикасының 2010 жылға дейінгі криминологиялық болжамы, соңғы 6-7 жылда контрабанданың ашылуы 9 есе өскенмен, көңіл жұбатарлық емес. Екінші жағынан, қылмыстың бұл түрінің өте жасырын жасалатындығы себепті, оның нақты жағдайын басып айту қиын және бұл қылмысты жәбірленуші де, куәгер де, тіптен қылмыстың ізі де жоқ және контрабанда операциясы алдын ала мұқият ойластырылып жасалады.

Қылмыскерлікпен күресте Қазақстан Республикасы БҰҰ-мен, Еуропа Кеңесімен, өзге де мемлекеттермен, мемлекетаралық ұйымдармен қарым қатынастық байланыста болғанмен, қазіргі кезде оның құқық қорғау органдарының ТМД елдерінің құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттестік мәселесі аса маңызды болып отыр.

1. Алауханов Е.О., Зарипов З.С. Профилактика преступлений. – Алматы: Юридическая литература, 2008. – 396 с.
2. Садерленд Э. Криминология (теория западных школ): Учебник (перев. С англ.). – М.: Наука, 1982. – 340 с.
3. Криминология: Учебник. – М.: АН СССР, 1975. – 298 с.
4. Криминология //Под. Ред. Долговой А.И. – М., 1997. – 287 с.
5. Дяков С.В. Проблемы совершенствования законодательства о борьбе с государственными преступлениями // В кн. «Организованная преступность». – М., 1996. – 311 с.
6. Яковлев А.М. Экономическая преступность: закон и жизнь. – М., 1990. – 299 с.
7. Алауханов Е.О. Криминология: Учебник. – Алматы: Жеті Жарғы, 2008 – 620 с.
8. Исправников В.О., Кууликов В.В. теневая экономика в России: иной путь и третья сила. – М., 1997. – 296 с.
9. Бюллетень Государственного комитета по статистике Российской Федерации. – 2003. – №1. – с.3-4.
10. Мауленов Г.С. Основные характеристики преступности в Республике Казахстан. – Алматы: Ғылым, 1999. – 281 с.
11. Бюллетен Главного следственного управления МВД РК. – Алматы, 1996. – №4. – С.12.
10. Статистические данные о состоянии, динамике и структуре экономической преступности в Республике Казахстан (1997-2008 г.г.). ДТС МВД РК. – Астана, 2008. – 50 с.
11. Никифоров А.С. Что нам делать с организованной преступностью. // В кн. «Организованная преступность». – М., 1996. – 245 с.

The article discusses criminological characteristics of economic smuggling.

В статье рассматривается криминологическая характеристика экономической контрабанды.